

Қазақстан Республикасы астанасының ресми тұсаукесерін өткізуге байланысты ұйымдық іс-шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3954. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. 1998 жылғы 9-10 маусымда Астана қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі ресми тұсаукесері өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесеріне байланысты негізгі іс-шаралар бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Астана қаласының әкімі іс-шаралардың бекітілген бағдарламаға сәйкес толық көлемде өткізілуін, ресми делегацияларды, сондай-ақ мәдени бағдарламаны қамтамасыз ететін адамдарды орналастыру мен оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі:

- Сыртқы істер министрлігімен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп делегациялардың құрамын айқындасын және олардың бекітілген кестелерге сәйкес уақытылы келуі мен кетуін қамтамасыз е т с і н ;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен, Астана қаласының әкімімен бірлесіп астана тұсаукесері шеңберінде іс-шараларды техникалық және ақпараттық жағынан қамтамасыз ететін болсын;

- Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен, Астана қаласының әкімімен бірлесіп бекітілген Астана тұсаукесері бағдарламасына сәйкес мәдени іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз ететін болсын;

- Конгрестер орталығында астананың ресми тұсаукесер рәсімін өткізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен бірлесіп тұсаукесерге келген делегацияларға Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау ұйымдастырсын;

- Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесе отырып астананың ресми тұсаукесері шеңберіндегі іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ету жөніндегі қажетті жұмысты ұйымдастыратын болсын;

- Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарын келген делегацияларға бекітіп беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Көлік және коммуникация министрліктері Мемлекет басшыларының арнаулы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ұшып өтуін қамтамасыз ететін болсын. Көлік және коммуникация министрлігі арнаулы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағы мен жанар май құюды, сондай-ақ облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп делегациялардың темір жол көлігімен келуін ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі Мемлекет басшыларының, олардың делегацияларының, сондай-ақ республика аймақтары өкілдерінің қауіпсіздігін, әуежайда, темір жол вокзалында, сол сияқты жүріп өту маршруттарында және делегациялар болатын орындарда қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі астананың тұсаукесеріне байланысты шығыстарды бекітілген сметаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

1 8

м а м ы р д а ғ ы

№

3 9 5 4

ө к і м і н е

қ о с ы м ш а

**Астана қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі ресми тұсаукесерін өткізу жөніндегі іс-шаралар
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1998 жылғы 9-10 маусым

9 маусым

10.00

"Отан қорғаушыларға" ескерткішінің іргетасын
қ а л а у

13.00-15.00

Мемлекет басшыларының, құрметті қонақтар мен
бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің Астана
қаласына келуі (күтіп алу, орналастыру)

16.00-17.30

түркі тілдес Мемлекеттер басшыларының
Б а с қ о с у ы

17.40-18.10

баспасөз конференциясы

19.30-21.00	Қазақстан Республикасы Президентінің атынан шетел делегацияларының құрметіне арналған қ а б ы л д а у
22.00-23.30	Қ.Мұңайтпасов атындағы Орталық стадионда театрландырылған думан
23.30	от-шашу

10 маусым

10.00	Мемлекет басшылары мен астананың құрметті қонақтары аллеясының іргесін салу рәсімі
11.00	Қазақстан Республикасының жаңа астанасының ресми тұсаукесеріне байланысты шетел делегацияларының басшылары тарапынан қ ұ т т ы қ т а у р ә с і м і Соңынан Конгрестер орталығында қазақ музыка өнерінің аса көрнекті шеберлері мен ағылшын камералық оркестрінің концерті
15.00	"Астана-ЭКСПО" көрмесінің ашылуы
18.00	Іскерлік және мәдени ынтымақтастық орталығында "Абылай хан" спектаклін тамашалау
19.30	астананың орталық көшелері мен алаңдарында мерекелік шеру мен карнавал
20.00	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан ресми қабылдау ("Алатау интерконтиненталь" қонақүйі)
	2 2 . 0 0 г а л а - к о н ц е р т
23.30	от-шашу